



Kaspi.kz мобильді қосымшасындағы дербес деректерді өңдеу және құпиялылық саясаты

Kaspi.kz мобильді қосымшасындағы дербес деректерді өңдеу және құпиялылық саясаты (бұдан әрі – Саясат) Сіздің дербес деректеріңіздің (бұдан әрі – деректер) қауіпсіздігін «Kaspi Bank» АҚ-та (бұдан әрі – Kaspi) қамтамасыз ету бойынша талаптарды, сондай-ақ қандай деректерді алатынын, қалай пайдаланатынын және оларды басқа адамдармен алмасатынын белгілейді.



Kaspi нені деректер деп санайды

Деректерді жинауға, өңдеуге және қорғауға байланысты мақсаттар, принциптер мен құқықтық негіздер Kaspi үшін маңызды және басымдық болып табылады. Сондықтан Kaspi Сізге, атап айтқанда, Kaspi.kz мобильді қосымшасын (бұдан әрі – Мобильді қосымша) пайдаланушыға байланысты және (немесе) Қызмет көрсету үшін Сіз ұсынған, соның ішінде үшінші тұлғалар туралы деректерді «дербес» деп санайды.

Kaspi Сіз туралы қандай деректер алады

Kaspi Kaspi-дің қаржылық, банктік қызметтерін, сондай-ақ оның серіктестері мен мемлекеттік органдардың қызметтері мен сервистерін (бұдан әрі – Қызмет) көрсету үшін, соның ішінде Мобильді қосымшаны орнатып, пайдаланғанда және оларға қол жеткізгенде ақпаратты алады немесе жинайды.

Сіз ұсынатын ақпарат

Kaspi-ге деректер Мобильді қосымшаны пайдаланушылардың (бұдан әрі – Пайдаланушылар) қаржылық операцияларының қауіпсіздігін қорғау үшін, қаржылық қызметтерді қауіпсіз көрсету

(банктік шоттар мен депозиттер ашу, несие алу) үшін және Қызметті тиісінше көрсету үшін, Пайдаланушылардың алдындағы шарттық міндеттемелерді орындау үшін қажет.

Пайдаланушылар – Мобильді қосымшада тіркелген жеке тұлғалар, жеке кәсіпкерлер, заңды тұлғалардың уәкілетті жұмыскерлері (соның ішінде сатушылар мен сатып алушылар).

Пайдаланушылық деректер – бұл ЖСН, ТАӘ, ұялы телефон нөмірі, туған күні және/немесе жылы, электрондық поштаның мекенжайы, тұрғылықты мекенжайы (соның ішінде Пайдаланушы Қызмет көрсету үшін көрсеткен үшінші тұлғалардың ұқсас деректері), жалақы және басқа да кіріс.

Пайдаланушының келісімімен Мобильді қосымша:

- геолокацияға (орналасқан жерін анықтау үшін),
- телефон кітапшасындағы байланысатын тұлғаларға (Пайдаланушыға телефон нөмірі бойынша ақша аудару үшін байланысатын тұлғалардан төлем немесе аударым алушыны таңдауға мүмкіндік береді),
- суреттер галереясына (егер Сіз профиль үшін немесе хабарландыруды орналастыру үшін суретті таңдағыңыз келсе ғана),
- Пайдаланушының мобильді құрылғысының камерасына (мысалы, Пайдаланушыға қызмет ақысын төлеу үшін суретке түсіруге, QR-кодты немесе штрих-кодты сканерлеуге мүмкіндік береді);
- Мобильді қосымшамен цифрлық құжаттар сервисін интеграциялау арқылы қамтамасыз етілген цифрлық құжаттарға;
- микрофонға (оған қолжетімділік Пайдаланушыға Қызмет мәселелері бойынша Kaspi-мен байланысу үшін дыбыстық хабарламалар жіберуге мүмкіндік береді) қолжетімділік алады.

Мобильді қосымшаның пайдаланушылық контенті

Профильдегі бейне – бұл Пайдаланушыны Мобильді қосымшада графикалық түрде көпшілікке көрсетуге арналған бейне немесе сурет.

Тауарлардың/қызметтің бейнесі – бұл хабарландыруды орналастырғанда тауарды/қызметті графикалық түрде орналастырып, көпшілікке көрсетуге арналған графикалық көрінісін көпшілікке жариялауға арналған бейне немесе сурет.

Контент — бұл тауарлар/қызметтер, Kaspi-дегі клиенттік тәжірибе, Пайдаланушы Мобильді қосымшада Операция жүргізген кезде жіберетін хабарламалар туралы Пайдаланушының пікірлері.

Лайықсыз контент – бұл Kaspi-дің және (немесе) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзатын Профильдегі бейне және/немесе Тауарлардың/қызметтің бейнесі, Контент.

Kaspi:

- Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзуға әкелетін немесе оны бұзатын;
- тұлғалардың жазбаша келісімі болмағанда үшінші тұлғалар туралы дербес деректерді және өзге де құпия ақпаратты жария ететін;
- үшінші тұлғалардың бейнелері бар;
- қауіп-қатерді қамтитын, зорлық-зомбылықты, қатыгездікті насихаттайтын;

- тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдай бойынша кез келген түрде қорлау немесе кемсітушілік бар;
- порнографиялық, эротикалық сипаттағы, соның ішінде жалаңаш немесе жартылай жалаңаш денені, эротикалық тауарларды/қызметті және т.б.;
- үшінші тұлғалардың сөздерінен алынған пікір, жарияланымдардың, промо-материалдардың, жарнаманың, баға саясатының негізінде жасалған жұмыс/қызмет көрсету туралы қорытындылар сияқты жеке клиенттік тәжірибеге негізделмеген;
- мағынасыз хабарламаларды (флуд), қайталанатын сөздерді, спамды, нормативтік емес лексиканы (былапыт, тұрпайы, бейәдеп сөздер, сөз орамдары мен тіркестер) қамтитын Пайдаланушының Контентін, Профильдегі бейнесін, Тауарларының/қызметінің бейнесін және (немесе) өзге ақпаратын орналастыруға тыйым салады.

Лайықсыз контент анықталған кезде Kaspi Пайдаланушыға хабарламай оны жасыруға, жоюға, сондай-ақ Пайдаланушының Контентті, Профильдегі бейнесін, Тауарлардың/қызметтің бейнесін орналастыру мүмкіндігін бұғаттауға құқылы.

Пайдаланушының Профильдегі бейнені орналастыруы оны Мобильді қосымша арқылы қызмет көрсететін үшінші тұлғалардың сервистерінде пайдалануға берген келісімі болып табылады.

Автоматты түрде жиналатын ақпарат

Пайдалану туралы деректер

Бұл ақпарат ақауды диагностикалап, жою үшін, мысалы, орналасқан жерін анықтау функцияларының жұмысына байланысты мәселе туындаған жағдайда қажет.

Kaspi Мобильді қосымшаны орнатқанда және пайдаланғанда диагностикалық ақпаратты, сондай-ақ қосымшаның өнімділігі туралы мәліметтер мен ақпаратты жинайды. Бұл санатқа Сіздің әрекетіңіз туралы ақпарат (мысалы, Сіз Мобильді қосымшаны қалай пайдаланасыз, олардың көмегімен басқа Пайдаланушылармен қалай қарым-қатынас жасайсыз және т.б.), Мобильді қосымшаға кірген күні мен уақыты, парақшаны қарау тарихы, іздеу тарихы, Мобильді қосымшаны диагностикалау, ақаулары мен жұмысының сипаттамалары туралы журналдар мен есептер, құрылғының моделі, операциялық жүйе туралы ақпарат, браузердің деректері, IP мекенжайы, пайдаланушының және құрылғының бірегей сәйкестендіргіштері, жарнама сәйкестендіргіштері кіреді.

Төлемдік және қаржылық ақпарат

Мұндай ақпарат Kaspi-дің ақша аударымдарының жасалуын қамтамасыз етуі, Пайдаланушылардың банктік қызметтерді (Қызметті) алуы және қаржылық операциялардың (Қызметтің) қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажет.

Егер Сіз ақша аударымын жасасаңыз, біз төлемдік ақпаратты және ақша аударымы растамаларын, мысалы, жүргізілген операциялардың уақыты мен сомасы туралы, төлем тәсілі туралы деректерді, қызмет алушы және/немесе жеткізуші туралы деректерді, операцияларды жүргізу себебінің сипаттамасын (бар болса) аламыз.

Үшінші тұлғалардан келіп түсетін ақпарат

Мұндай ақпарат Қызметті тиісті түрде көрсету үшін, Пайдаланушылар мен үшінші тұлғалардың алдындағы шарттық міндеттемелерді орындау үшін қажет.

Kaspi үшінші тұлғалардың ұсынған ақпаратын алады, онда Пайдаланушы, Пайдаланушы көрсеткен өзге тұлғалар туралы деректер болуы мүмкін. Мысалы, Kaspi-дің клиенттері Мобильді қосымшаны пайдаланғанда, олар билет сатып алу және (немесе) ақша аударымын жасау үшін бізге телефон нөміріңізді және (немесе) өзге де деректерді, сондай-ақ үшінші тұлғалардың деректерін (ЖСН, ТАӨ, ұялы телефон нөмірі, туған күні және/немесе жылы, электрондық поштаның мекенжайы, тұрғылықты мекенжайы) бере алады, ақша аударымын жасаған кезде Сізге хабарлама жібере алады және т.б.

Бөгде ұйымдар

Kaspi бізге жұмысты қамтамасыз етуге, Kaspi-дің қызметтерін ұсынуға, жетілдіруге, талдауға, баптауға, қолдауға және ілгерілетуге көмектесетін бөгде ұйымдармен ынтымақтастық жасайды. Мысалы, біз Kaspi-дің қызметтерін көрсету барысында ақпараттық және техникалық өзара әрекет ету қызметтерін; жеткізу сервистерін; мемлекеттік және өзге де қызметтерді көрсететін компаниялармен жұмыс істейміз. Кейбір жағдайда бұл компаниялар бізге Сіз туралы ақпарат бере алады.

Мобильді қосымша Сізге Kaspi-дің қызметтерін үшінші тұлғалардың қызметтерімен бірге пайдалануға мүмкіндік береді. Егер Сіз Қызметті үшінші тұлғалардың қызметтерімен бірге пайдалансаңыз, біз Сіз туралы ақпаратты немесе Сіз ұсынған өзге де тұлғалар туралы ақпаратты осы үшінші тұлғалардан ала аламыз, ал Сіздің атыңыз, ұялы телефоныңыздың нөмірі, Мобильді қосымшадағы профильдегі бейнеңіз үшінші тұлғалардың сервистерінде пайдаланылуы мүмкін.

Kaspi деректеріңізді қандай мақсатта алады әрі өңдейді

Қызмет көрсету және шарттық міндеттемелерді орындау

Kaspi Сіз бен Kaspi-дің және (немесе) үшінші тұлғалардың арасында жасалған шарттарға сәйкес Сізге Мобильді қосымша арқылы қолжетімді Қызмет көрсету мүмкіндігін алу үшін деректеріңізді өңдейді.

Біз бұл деректерді, мысалы, Kaspi-мен шарттарды қашықтан жасасу және электрондық Қызметті алу; шарттардың аясында Пайдаланушыны сәйкестендіру және қауіпсіздікті, соның ішінде қаржылық операцияларды қамтамасыз ету үшін; Мобильді қосымшаның сервистеріне кіру арқылы Пайдаланушыға жеке қызмет көрсету; Пайдаланушымен байланысу, соның ішінде Kaspi өнімдерін пайдалануға, қызмет көрсетуге, сондай-ақ Пайдаланушының сұратуларын өңдеуге, Пайдаланушының және (немесе) Пайдаланушы және (немесе) үшінші тұлға Қызмет көрсету үшін ұсынатын үшінші тұлғалардың деректерін тексеруге қатысты хабарламаларды, ұсыныстар мен ақпаратты жолдау үшін пайдаланамыз.

Құқықтық міндеттемелерді сақтау

Kaspi деректеріңізді заңнаманың талаптарын сақтау және орындау мақсатында, мысалы, шағымдарды қарастыруға, берешекті өндіріп алуға және заңды процестерге байланысты мемлекеттік органдардың алдындағы міндеттемелерімізді орындау үшін, алаяқтықтың, Қызметті

дұрыс пайдаланбаудың алдын алу үшін, сондай-ақ деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін өңдейді.

Пайдаланушымен байланыс және маркетинг

Kaspi Сізге Kaspi-дің өнімдерін пайдалануға, Қызмет көрсетуге, маркетингтік ақпарат беруге, сондай-ақ сұратуларыңызды өңдеуге қатысты хабарламалар, ұсыныстар мен ақпарат жіберу үшін деректеріңізді өңдейді.

Сапаны жақсарту

Kaspi Мобильді қосымшаның жұмысын жақсарту, жаңа өнімдерді әзірлеу және ұсыну және Қызметті кеңейту мақсатында деректеріңізді өңдей алады.

Kaspi деректеріңізбен қалай алмасады

Мыналарды:

- Сіз (ата-анаңыз немесе қорғаншыңыз) мұндай әрекеттерге өз келісіміңізді анық білдірген;
- беру Сізбен (ата-анаңызбен немесе қорғаншыңызбен) жасалған шартты орындау, Сізге Қызмет көрсету үшін қажет болған;
- беру қолданыстағы заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда,

Kaspi үшінші тұлғалардың дербес деректерін (соның ішінде ЖСН, ТАӨ, ұялы телефон нөмірі, туған күні және/немесе жылы, электрондық поштаның мекенжайы, тұрғылықты мекенжайы) тікелей немесе үшінші тұлғалар арқылы берген кезде, Сіз деректерді жалпыға қолжетімді ақпарат көздерінде орналастыру құқығынсыз тиісті қызметті көрсету үшін олардың дербес деректерді жинауға, өңдеуге, Kaspi-ге және үшінші тұлғаларға беруге (соның ішінде трансшекаралық беруге) келісімін алғаныңызды растайсыз.

Сіз үшінші тұлғалардың алдында Мобильді қосымшаны пайдалануға байланысты өз әрекеттеріңіз үшін, соның ішінде Мобильді қосымшаға енгізілген деректердің дұрыс болуы үшін және енгізілген деректердің үшінші тұлғалардың жеке басын куәландыратын құжаттарына сәйкес болуы үшін өзіңіз жауапкершілік атқарасыз.

Ақпараттың құпиялылығын сақтау үшін Kaspi қандай қауіпсіздік шараларын қолданады

Kaspi-дің заманауи технологиялары мен ішкі рәсімдері бар және Сіздің деректеріңізді сырттан біреулердің араласуынан, ақпаратқа қол жеткізуге рұқсатсыз әрекеттер жасауынан, өзгертуінен қорғауға, электрондық құжаттардың мазмұнындағы бұрмаланудың және/немесе өзгерістердің бар-жоғын анықтауға, ашуға немесе жоюға бағытталған барлық әрекеттерді жасайды.

Мобильді қосымша TLS v1.2 криптографикалық хаттамасын пайдаланып, HTTPS қорғалған хаттамасы арқылы интернет желісінде Сіз бен Kaspi-дің арасында берілетін деректердің қорғалуын қамтамасыз етеді. Сіздің парольдеріңіз Kaspi жүйесінде көрсетілмейді, сақталып, шифрланған түрде ғана беріледі. Алайда қауіпсіздік Kaspi-дің сайтында (https://kaspi.kz/rese/files/terms/security_procedures_conditions_ru.pdf) танысуға болатын ұсыныстарды сақтауыңызға да байланысты.

Сіз телефонды (онда орнатылған және одан Сіз тіркелген) (соның ішінде SIM-картаны) үшінші тұлғаларға пайдалануға бермеуге, логин мен пароль сияқты өзіңіздің есептік жазбаңыздың деректерін жария етпеуге, бермеуге және оларды терген кезде үшінші тұлғалардан жасыруға міндеттісіз. Барынша қорғалуын қамтамасыз ету үшін вирусқа қарсы бағдарламаларды пайдалану және уақтылы жаңартып отыру ұсынылады. Сіз өзіңіздің есептік жазбаңыздың рұқсатсыз пайдалануынан қауіптенген кез келген жағдай туралы Kaspi-ге дереу хабарлауға міндеттенесіз. Сіздің Kaspi-дің ұсыныстарын сақтауыңыз Kaspi берген ақпараттың, соның ішінде Сіздің банктік өнімдеріңіздің деректемелерінің және басқа деректердің барынша сақталуын қамтамасыз етуге жағдай туғызады, сондай-ақ тауарлар мен қызмет ақысын қолма-қол ақшасыз, соның ішінде интернет арқылы төлеген кезде банктік картаның (немесе өзге электрондық төлем құралының) деректемелерін пайдаланып, операцияларды жүргізген кездегі ықтимал тәуекелдерді азайтады.

Кәмелетке толмаған тұлғалар және олардың дербес деректері

Мобильді қосымша және оның мазмұны 16 жасқа толмаған тұлғаларға (Kaspi-мен жасалған шарттарда көзделген жағдайларда қосымша төлем карточкаларын ұстаушыларды қоспағанда) арналмаған.

Осыған қарамастан Kaspi-дің Мобильді қосымшаға кіретін және пайдаланатын тұлғалардың жасын анықтау тәсілдері жоқ. Егер:

- 16 жасқа толмаған тұлға Kaspi-ге жеке ақпаратты ата-анасының немесе қорғаншыларының келісімінсіз берсе;
- қосымша төлем карточкасын ата-ана немесе қорғаншы болып табылмайтын тұлға шығарса, ата-анасы немесе қорғаншы Kaspi-ге 8-727-258-59-55 (Алматы үшін) және 8-800-080-18-00 (бүкіл Қазақстан) телефон нөмірлері арқылы хабарласуға тиіс.

Деректерді трансшекаралық беру

Kaspi трансшекаралық деректерді беру туралы заңнаманың барлық талаптарын сақтайды, осылайша кез келген жерде Сіздің деректеріңізді қорғауға көмектеседі. Сондай-ақ Kaspi сервистердің жоғары сенімділігін, деректердің сақталуын және олардың заңға қайшы қол сұғушылықтан қорғалуын қамтамасыз ете отырып, орналасқан жеріне қарамастан, соның ішінде Қазақстан Республикасынан тысқары орналасқан ең қауіпсіз бұлтты технологиялар мен бұлтты қоймаларды пайдаланады.

Өздеріңіз білетіндей, Kaspi өнімдері мен ұсыныстары Сізді қоршаған әлеммен байланыстырады. Осыған байланысты Сіздің деректеріңіз Мобильді қосымшаны пайдалана отырып, қолма-қол ақшасыз төлем жасағанда немесе әртүрлі тауарлар мен қызметтерді сатып алған жағдайда, бүкіл әлем бойынша түрлі компаниялар мен жеке тұлғаларға ұсынылуы мүмкін.

Мобильді қосымша туралы ақпарат

Мобильді қосымша Сізге қашықтан қызмет көрсету сервистеріне қолжетімділік беретін, Мобильді қосымша орнатылатын және Интернетке қолжетімділігі бар ұялы телефон немесе өзге құрылғы арқылы Жеке кабинетте операцияларды жүргізуіңізге арналған бағдарламалық қамсыздандыру болып табылады.

Foreign Account Tax Compliance Act (FATCA)

Мобильді қосымша АҚШ-та/АҚШ-тың аумағында уақытша/тұрақты тұратын АҚШ азаматтарына банк қарызын беруге арналмаған, қарыз (несие) берген кезде Kaspi Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын басшылыққа алады.

АҚШ аумақтары – Американдық Самоа, Солтүстік Мариана аралдары достастығы, Гуам, Пуэрто-Рико достастығы, АҚШ Виргин аралдары.

FATCA мақсаттары үшін мыналар:

- АҚШ / АҚШ аумағының азаматы;
- кез келген басқа елдің азаматы, бірақ АҚШ-та 3 жыл және одан көп тұрған және АҚШ-та тұруға ықтиярхаты бар АҚШ резиденті мәртебесін алған;
- кез келген елдің азаматы, бірақ АҚШ-та/АҚШ аумағында туған және туған елі арқылы АҚШ азаматтығын алған жеке тұлға АҚШ салық төлеушісі болып табылады.

Тұлғалардың осы санаттары сол елдің қос азаматтыққа рұқсат беру мәніне тексерілуге тиіс.

Компания деңгейінде деректеріңіздің құпиялылығын сақтау, есептік жазбаны жою

Kaspi деректеріңізді жинау және өңдеу мақсаттарына қол жеткізу үшін және/немесе Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтау мақсатында қажет болғанша деректеріңізді осы Саясатқа сәйкес сақтайды.

Сіз өзіңіздің есептік жазбаңызды Мобильді қосымшаның баптау бөлімінде жоюға бастама көтере аласыз. Есептік жазбаны жойғаннан кейін ұзақтығы 14 күн болатын күту кезеңі беріледі. Бұл кезеңде Сіз есептік жазбаны қалпына келтіруді сұрай аласыз. 14 күннен кейін есептік жазба оны қалпына келтіру мүмкіндігінсіз мүлдем жойылады.

Есептік жазбаны жойғаннан кейін жеке кабинеттің барлық не кез келген бөліміне немесе сервистеріне және деректеріңізге кіре алмайсыз.

Есептік жазбаны жою Kaspi-дің банктік қызмет көрсету шарттары, соның ішінде төлем карталарын беру және қызмет көрсету туралы шарттар, банктік шоттар мен депозиттерді ашу шарттары, банк қарызы шарттары бойынша Клиентте туындайтын міндеттемелерді тоқтатуға әкеп соқтырмайды. Сіздің деректеріңізді сақтау үшін біз Kaspi-дің барлық жұмыскерінен қауіпсіздік және құпиялылық жөніндегі талаптарды сақтауын талап етеміз және Kaspi-де олардың қатаң түрде орындалуын қамтамасыз етеміз.

Құпиялылық туралы мәселелер

Егер Сіз Саясатпен келіспейтін болсаңыз, Мобильді қосымшаны жүктеуден бас тартуға немесе Kaspi-ге хабарласуға және Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Наурызбай батыр көшесі, 154А мекенжайына жазбаша немесе 8-727-258-59-55 (Алматы үшін) және 8-800-080-18-00 (бүкіл Қазақстан) телефондары бойынша ауызша өтініш қалдыруға міндеттісіз. Сіз Саясаттың талаптарын қабылдаудан толық немесе ішінара бас тартқан жағдайда, Мобильді қосымшаның барлық немесе

кейбір функциялары Сізге қолжетімсіз болуы мүмкін екенімен келісесіз, өйткені мұндай бас тартудың болуы Kaspi қызметтерін заңды түрде көрсетуге мүмкіндіктің болмауына әкеледі.

Егер Сізде Саясатқа қатысты өзге сұрақтар болса, Сіз 8-727-258-59-55 (Алматы үшін) және 8-800-080-18-00 (бүкіл Қазақстан) телефондары бойынша хабарласа аласыз.

Kaspi Сіздің құпия ақпаратыңызға ыждағаттылықпен қарайды. Сұрағыңызға оңтайлы жауапты дайындау үшін Біз өтінішіңізді талдаймыз және заңнамада көзделген мерзімде жауап береміз.

Мобильді қосымшаны пайдаланушы ретінде Сіз бен Kaspi-дің арасындағы барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер (дауды ерікті түрде реттеу жазбаша ұсыныс) арқылы шешіледі.

Шағымды алушы шағымды алған күннен бастап күнтізбелік 30 күннің ішінде шағымды қарастыру нәтижелері туралы шағым берушіге жазбаша хабарлайды. Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда, дау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сот органына қарауға беріледі.

Саясатқа және Пайдаланушы мен Kaspi-дің арасындағы қатынастарға Қазақстан Республикасының заңнамасы қолданылады.

Мобильді қосымшаға, соның ішінде іске асырылатын және әзірленетін қосымша сервистерге барлық құқықтар «Kaspi Bank» АҚ-қа тиесілі.
